



Президент Геннадий Головкинді қабылдады

Мемлекет басшысы Геннадий Головкинді World Boxing халықаралық федерациясының президенті болып сайлануымен құттықтады.

Президент бұл шешімді даңқты спортшының әлемдік боксты дамытуға қосқан үлесінің, кәсібилігі мен мінсіз абырой-беделінің мойындалғаны деп бағалады.

«Сіз әлемдік спорттың дамуына зор үлес қостыңыз. Қазақ бокс мектебінің бай дәстүрін лайықты деңгейде танытып, дүние жүзінің елімізді бокс державасы ретінде мойындауына ықпал еттіңіз. Өмір жолыңыз көптеген жарқын жеңіске толы. Оған күш-қуат, рух, табандылық, ішкі тәртіп секілді

қасиеттеріңіз арқылы жеттіңіз. Бұл елімізде ғана емес, шет мемлекеттердегі миллиондаған жастың жігерін жанды. Есіміңіз әлемдік бокс тарихына алтын әріппен жазылғанына еш күмән жоқ», деді Президент.

Мемлекет басшысы танымал спортшының Ұлттық олимпиада комитетіндегі қызметіне жоғары баға берді.

«Сіздің басқару саласындағы жетістіктеріңізді айрықша атап өткім келеді. Спорттағы еңбегіңізді ескере отырып, Сізді Ұлттық олимпиада комитеті президенттігіне үміткер ретінде ұсындым. Ұлттық спорт федерацияларының барлығымен байланыс орнатып, аз уақытта көп іс тындырғаныңыз үшін ризашылығымыз-

ды білдіреміз. Халықаралық Олимпиада комитетімен ынтымақтастықты жолға қойдыңыз», деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкинге World Boxing халықаралық федерациясының президенті ретінде көптеген мәселенің шешімін табуы қажет екенін айтты.

«Бүгінде спорттық мансабыңыздағы жаңа кезеңге аяқ бастыңыз. World Boxing федерациясының президенті болып сайландыңыз. Жұмыс енді ғана басталды. Алдыңызда атқаратын қыруар шаруа тұр. Сондай-ақ Сіздің жаһандық деңгейдегі спорт-

тық қырылымды басқарып отырған алғашқы қазақстандық екеніңізді айта кету керек. Кәсіби біліктілігіңіз ұйымды жаңа белеске көтеріп, бокс көкжиегін кеңейтетініне сенімдімін», деді Президент.

Мемлекет басшысы отандық спортты дамытуға сіңірген елеулі еңбегі үшін Геннадий Головкинді I дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

Геннадий Головкин еңбегін жоғары бағалағаны, сенім артып, қолдау көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ боксты одан әрі дамытуға, осы спорт түрінің еліміздегі және халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуға дайын екенін жеткізді.

Созақ аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

26.11.2025 ж №32

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз үшінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз үшінші сессиясы 2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз үшінші сессиясы 2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 3 желтоқсан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 3 желтоқсан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

26.11.2025 ж №33

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз төртінші сессиясы 2025 жылғы 5 желтоқсан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз төртінші сессиясы 2025 жылғы 5 желтоқсан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 5 желтоқсан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 5 желтоқсан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №165 «2025-2027 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының
төрағасы О.Жәмиев

Көлік инфрақұрылымын дамыту шараларын жеделдетуді тапсырды

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов сауда-логистикалық хабтарды дамыту үшін қажетті инфрақұрылымды құру жөніндегі жұмысты жеделдету қажет екеніне назар аударды.

Үкімет басшысы Қазақстанды Орталық Азиядағы негізгі көлік торабына айналдыру туралы Президент тапсырмасын еске салып, сауда-логистикалық хабтарды құру трансшекаралық экономикалық байланыстарды дамытудың маңызды стратегиялық бағыты екенін атап өтті.

«Қазір транзиттік бағыттар мен инвестициялар үшін бәсекелестік күшейіп келеді. Осыған орай бізге жерүсті көлік инфрақұрылымын, өнеркәсіптік кооперация мен сауда желілерін жедел дамыту қажет», деді Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Олжас Бектенов трансшекаралық хабтарды дамыту ісінде жүйелі көзқарас пен саладағы жобалардың жүзеге асыру барысын тұрақты мониторинг жасау



маңызына тоқталды.

«Аталған жобалар капитал мен жаңа өндірістерді тарту орталықтарына айналады. Осыған байланысты жұмыс қарқынын күшейтіп, барлық тараптың өзара іс-қимылын жақсарту қажет. Сауда министрлігі мүдделі мемлекеттік органдардың жұмысын тиімді үйлестіруі керек», деді Үкімет басшысы.

Үкімет транзиттік және логистикалық инфрақұрылымды дамыту үшін бизнеске қолайлы жағдай жасап, трансшека-

ралық хабтардың инвестициялық тартымдылығын арттыруды да көздеп отыр.

«Атап айтқанда, инженерлік инфрақұрылымның дайындығын қамтамасыз ету, арнайы экономикалық аймақтар құру, рәсімдердің ашықтығы және мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің жедел әрекет етуі сияқты мәселелерді шешуге басымдық берген жөн», деп тапсырды Премьер-министр.

«Созақ үні»-ақпарат.



Инвестициялық мүмкіндіктер таныстырылды

Түркістан қаласында облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің қатысуымен «Turkistan International Investment and Tourism Forum – 2025» халықаралық инвестициялық форум өтуде. Жиын өңір экономикасын дамыту, инвестиция тарту және туризм саласындағы жаңа серіктестіктерді қалыптастыру.

Форум жұмысына аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков және ауданнан барған 70-ке жуық кәсіпкер қатысты. Шетелдік инвесторлармен кездесіп, ауданның экономикалық әлеуетін таныстырды.

Кездесу барысында аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы Созақ ауданының ауыл шаруашылығы саласындағы мүмкіндіктеріне кеңінен тоқталды. Әсіресе мал шаруашылығын дамыту, ет өнімдерін көбейту және оларды

экспортқа бейімдеу бағыттары бойынша жобалар таныстырылды. Ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын жетілдіру, суару жүйелерін жаңғырту, агроөнеркәсіптік кешенге жаңа технологияларды енгізу мәселелері шетелдік сарапшылармен бірге талқыланды.

Сонымен қатар, ауданнан барған кәсіпкерлер халықаралық компаниялармен келіссөздер жүргізіп, серіктестік орнату мүмкіндіктерін қарастырды. Жергілікті кәсіпкерлер жаңа экономикалық бағыттар, өндіріс көлемін арттыру, нарыққа шығу жолдары бойынша сауалдарын қойып, тәжірибе алмасты.

Форум жұмысы әлі де түрлі панельдік сессиялар және келіссөздермен жалғасуда.

«Қаржылық қауіпсіздік алауы» атты аймақтық эстафета

Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру және алаяқтықтың алдын алу мәдениетін нығайту мақсатында Қаржылық мониторинг агенттігі бастамасымен қолға алынған «Қаржылық қауіпсіздік алауы» аймақтық эстафетасы Созақ ауданында жалғасын тапты.



Шараға аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов, сала мамандары, спортшылар және ауданның белсенді жастары қатысып, қаржылық қауіпсіздікті насихаттайтын алауды жағу рәсіміне үлес қосты.

Аудан жастары мен спортшыларының қатысуымен жүгіру марафоны ұйымдастырылды.

Шара аясында «Заң мен Тәртіп» қағидалары кеңінен түсіндіріліп, жеке деректерді қорғаудың маңызына ерекше назар аударылды. Банк карталарын пайдалану ережелері, интернет-банкінгтегі қауіпсіздік, онлайн-алаяқтық түрлері және олардан сақтану жолдары туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Педагогикалық идеялар фестивалі

Жақында Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында мектепке дейінгі ұйым және мектепалды сынып педагогтері арасында «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауы өтті.

Байқаудың бағыты коммуникативтік және басқа да қызығарыныштық түрлерін дамыту, ұтқыр білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу үшін педагогтердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, оқыту әдістемесі мен технологияларын жетілдіру және жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу практикасында жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістерді енгізу.

Аталған байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздар анықталды. «Балауса» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Берікова Жазира 3-орын, «Созақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Ушибаева Хуррият 2-орын иеленсе, «Таукент гүлдері» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Агабекова Ақерке 1-орын, сондай-ақ, мектепалды сынып педагогтері бойынша Ы.Алтынсарин жалпы білім беретін мектептің мұғалімі Сәрсенбаева Жайна 1-орын иегері атанып, 25 қараша күні өтетін облыстық кезеңде өз кәсіби шеберліктерін сынға салатын болады.

Бұл байқау – әр мұғалімнің шығармашы-



лық ізденісін, жаңашылдығын танытатын маңызды алаң болды. Қатысушыларға белсенділігі үшін алғыс айтамыз.

Жеңімпаздарымызды лайықты жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы облыстық кезеңде жарқын нәтижелер тілейміз!

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республикалық акциясы аясында



Акция аясында Созақ АПБ, ҚҚБ ОТЗЗҚКТ Әйелдерді зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова іс-шара ұйымдастырды. Акцияның мақсаты – ана мен баланың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және қоғамда өзара сыйластықты нығайту. Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін КММ-нің 8–9 сынып оқушылары, психологтар: Манашова Шара, Есенбетова Мөлдір, Тасболатова Салтанат және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенжарова Альмира акция аясында флешмоб өткізді. Баршаңызды қауіпсіз қоғам құруға бірге атсалысуға шақырамыз.

25 қараша 2025 жылы Шолаққорған ауылында «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз қоғам–болашақ кепілі» атты ашық есік күні өткізілді. Іс-шара орталық ғимаратында өтті. Қатысқандар Созақ

АПБ Әйелдерді зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі инспекторы, полиция майоры А.Манапова, Отбасылық-тұрмыстық зорлық-



зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Ж.Жұматова, «Отбасын қолдау орталығы» КММ бөлім меңгерушісі Б.Саржанов, Орталық психологы Қ.Ыды-

рысова, Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары М.Иманбеков, Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Р.Тәбетқызы, Аудандық білім бөлімінің әлеуметтік педагог-әдіскері Н.Қуанышбаева. Іс-шара мақсаты: Науқан аясында атқарылатын жұмыстарды таныстыру, зорлық-зомбылықтың алдын алуға қоғамды жұмылдыру. Іс-шараны орталық психологы Құралай Ыдырысова ашып жүргізді. «Отбасын қолдау орталығы» директоры м.а. Біржан Саржанов қатысушыларды науқан мақсатымен таныстырды. Созақ АПБ полиция майоры Айжан Манапова науқанның маңызы мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Қонақтар-М.Иманбеков, Р.Тәбетқызы, Н.Қуанышбаева-орталық жұмысына оң бағаларын беріп, алдағы істеріне табыс тіледі.

Психолог К.Ыдырысова қатысушылармен мотивациялық тренинг өткізіп, арнайы әзірленген тәттілер ұсынылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Көзіқарақты оқырмандарымыз хабардар болғанындай, биылғы, 2025 жылдың маусым айының 25-нен бастап Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы «Фурманов» су торабының жанындағы айналма каналға механикалық тазалау жұмыстары жүріп жатыр. Тек тазалау жұмыстары емес, айналма канал тұсынан өтетін Мойынқұм ауданына қарасты 4 бірдей ауылдың маңынан көпірлер салынып, каналдың жақтаулары көтеріліп жатыр. Себебі, айналма каналдың суы тасып, әлгі аталған 4 ауылды су шайып кеті қауіпі бар делінеді. Тіпті, бұл айналма каналдың ертеректе істен шығып, Шу ауданындағы «Тасөткел» су қоймасынан Созақ ауданына тиесілі Шу өзенінің суының салынбағанына да бірнеше ондаған жылдар болған. Нәтижесінде, осы уақыттар аралығында Шу өзенінің Созақ ауданының 6 ауылына тиесілі суы «Радай» су арнасы арқылы келіп тұрған. Алайда, соңғы



жай- жапсарымен кезекті рет танысып қайтқан «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК-ның Түркістан облысы, Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Тастыбаев Қанат Қайратұлымен болған сұхбатымынан ақпараттармен бөлісейін:

Сонымен, қазіргі таңда айналма каналды тазалау жұмыстарына бар- жоғы 11 техника тартылған. Оның 4 «Тараз-СуШар» ға тиесілі және олар техникаларын жанар- жағар маймен өздері қамтуда. Қалған 7 Түркістан облысына тиесілі және оларды жанар- жағар маймен Созақ ауданының әкімдігі демеушілердің күшімен (180 тонна дизельдік отынмен) қамтамасыз етуде. Жалпы, «Фурманов» айналма каналының ұзындығы 120 шақырымды құрайды (113 шақырымы тазалауға жатады) және бүгінгі таңда соның 94 шақырымы механикалық тазалаудан өтіп, екі жақтауы биіктетілді әрі бекітілді. Қазіргі таңда айналма каналмен шекараласатын үш ауылдың

Шудың суы биыл айналма каналмен келмек

уақыттарда сол «Радай» су арнасы Мойынқұм ауданының әкімдігі тарапынан жылда жасанды жолмен бекітіліп, аумағы 56 мың гектарды құрайтын «Гуляев» шабындық алқабына салынып келген. Әрине, бұл алқап арқылы да ауданымызға су келетінін растаймыз. Дегенмен, әлгі 56 мың гектар жерге жайылып, жаздай аңқасы кеуіп жатқан мидай далаға сіңіп келетіндіктен, жылдағы межесінен көп кешігіп келіп жүр. Тіпті, келмей қалып та жүр деуге де болады. Себебі, су жылда Жуантөбеге жеткенімен өзге 5 ауылға жетпей жата- тын. Міне, осы жағдайға алаңдаған Созақ ауданының әкімдігі менен жоғарыдағы 6 ауылдың шаруалары міне бірнеше жылдардан бері су министрлігіне дейін шығып, шудың жырын жеткізіп келеді. Оқырмандарымызға түсінікті болуы үшін су министрімен болған бірнеше кездесулерден бірі, нақ осы «Фурманов» айналма каналының бүгінгі таңда механикалық тазалаудан өтіп жатуына себеп болғанына тоқталсам деп отырмын. Бұл үшін әрине, 2024 жылдың желтоқсан айында «Созақ үні» газетінің кезекті санына шыққан «Министрмен межелі уақытта, межелі жерде жо-лықтық» тақырыбындағы мақаламнан үзінді беруге бекіндім:

«Сонымен, баста ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрайымы Гүлмира Имашева, «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы» РММ басшысы Талғат Ибраев, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков, «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК-ның Түркістан және Жамбыл облыстарындағы филиалдарының басшылары және Созақ пен Мойынқұм аудандарының мүдделі топтары межелі уақыт тағы сағат 06 / 30 да, межелі жер «Радай» су арнасының басында болдық. Таң әбден бозарып атып, күн шыққан сағат 7.00 шамасында осы кездесуге қатысуы тиіс барлық азаматтар жиналып болған соң, әңгімені Нұржан Молдиярұлы жиылған көпшілікпен амандасып, хал- жағдай сұрасып болып бастады. Әуелі, «Радай» су арнасының басынан салынғалы жатқан «Су реттегіш» қондырғының құрылысы жайлы Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары Ержан Әміре менен мердігер компанияның өкілін тыңдады. Олар да өз кезегінде бүгінде бұл су реттегіш құрылысының жобалау-сметалық жобаларының жұмысы аяқталғанын, бұйыртса, келесі жылдан бастап құрылыс жұмыстары басталатынын мәлімдеді. Мұнан соң, Созақ ауданынан барған біздерге қарап: «Өткенде, Түркістан облысы, Сауран ауданына Созақтан келген сіздер емес- сіздер ме? Ал, мәселелеріңізді айта беріңіздер!» деді, жылы жымып. Көзқарасынан біздерді танығанын аңғару қиын емес еді. Арамыздан «Әділ билер» РҚБ-ның ауданымыздағы филиалының төрағасы Әбубәкір Сахиұлы, Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қаб-ылбек Еспенбетов, «Талас- Шу» су бас-сейні инспекциясының зейнеттегі арда-гер қызметкері Жарас қария, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашы-

лығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов және «Созақ үні» газетінің аға тілшісі, «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Данияр Бектер кезегімізбен сөз алдық. Алдымен министр мырзаға дүйім Созақ жұртының атынан уәделескен уақытында келгені үшін ризашылығымызды білдірдік! Со-нан кейін барып: «Құрметті Нұржан Молдиярұлы! Мына сіз бенен біз үстін-де тұрған «Радай» су арнасынан Мой-ынқұм ауданының әкімдігі Шу өзенінің суын заңсыз бөгеттеп отырғанына 8 жылға жуық уақыт болды. Нәтижесінде, біздің ауданымызға тиесілі Шу өзені суы өзінің табиғи арнасына бірден түспей, Мойынқұм ауданына тиесілі 56 мың га жайылым мен шабындықты құрайтын «Гуляев» алқабын басып, әбден жайылып барып, Қарабөгет ауылдық округі, Сарыөзек ауылына қарасты «Радай» арнасының «Фурманов» айналма су каналымен түйісетін тұсына түседі. Онсыз да түрлі беймәлім себептермен Созақ ауданына «Тасөткел» су қоймасынан жылда кеш әрі аз көлемде босатылатын судың жылдамдығын едәуір тежеп отыр. Сондықтан да Жамбыл облысындағы вигитация маусымы аяқталысымен жіберілген су тек сәуір не-месе мамыр айларында ғана Созақ ауданының шекарасына ілігіп, Шу- Тасты, Жуантөбе ауылдарына қарасты арна-лармен келсе де мыңдаған гектар жайылымдар менен шабындықтарға жайылмай қалады. Ал енді, бұл үш ауыл-дан бөлек осы Шу өзенінің суы баруы тиіс Созақ, Қарағұр мен Қаратау ауыл-дарына соңғы рет 2016 жылы ғана су жақсы келді. Әйтпесе, бізден алдыңғы қарияларымыздың айтуынша сонау Кеңес заманынан бұрынғы және кейінгі уақыттарда Қарағұр мен Қаратау ауыл-дарының маңындағы «Ақжайқын» өзе-ніне дейін барып, Сырдарияға қосылып, Арал теңізіне де құйған көрінеді. Ал қазіргі таңда, кеңес кезіндегі 20 мыңнан астам халқы бар 6 бірдей алып кең-шарға, бүгінгі 6 бірдей ауылдық округ-тарға тиесілі 34 мың гектар алқапқа Шу өзені суы жылда межелі уақытында, ме-желі көлемде келмегендіктен онсыз да уран мен кислотадан зардап шегіп отырған аймақты енді тұз басып, шару-ашылық жерлеріміз эрозияға ұшырап, жарамсыз болуға жақын. Оның үстіне, осы алты ауыл округіне тиесілі 34 мың гектардан аса жайылымдар менен ша-бындықтар алқабынан ұшқан тұздар ауданымыздың экологиялық жағдайына да кері әсерін тигізуде. Онсыз да іргелес Қызылорда облысындағы Арал теңізінен ұшқан тұзға алаңдап отырған аудан халқы үшін мына, Мойынқұм ауданының билігінің тарапынан жылда заңсыз салынатын бөгет кәдімгідей про-блема боп тұр. Сізден өтініп сұрайты-нымыз, осы заңсыз бөгетті аштырып, Шу өзенінің Созақ ауданына кететін та-биғи арнасы Радайға салынып жатқан су реттегіштің құрылысын тоқтатсаң-ыз!» дедік.

Алайда, ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов те, Су комитеті мен «Талас- Шу» бассейні инспекциясының басшылары мен Мойынқұм ауданының өкілдері де бірауыз-дан: «Бұл су реттегіш құралының құры-

лысы қалайда жүру керек. Өйткені, біріншіден, қаржысы қаралып, жобасы жасалып қойған. Екіншіден, «Радай» су арнасынан өтетін Шу өзенінің бойында 4 бірдей ауылдың халқы судың астын-да қалады деген қауіп бар. Себебі, «Ра-дай» су көпірі апатты жағдайда қалып, қазіргі таңда оның да жөндеуіне 360 млн теңге қаржы қаралып, құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Сол құрылыс жұмыстары біткен соң және Радай су арнасына су реттегіш құралы қойылған соң барып Шу өзені суын осы арнамен жіберетін боламыз! Ал енді, Шу өзенін Гуляев алқабы арқылы өткізуіміздің ба-сты себебі, ол жақта да 10 шақты ша-руашылықты ауылдар отыр. Оларды да сусыз қалдыра алмаймыз деп, бұрынғы жырларынан жаңылмады. Әйтеуір: «Бі-ле білсеңіздер, бұл су реттегіш құрылғы сіздердің, Созақ ауданы үшін салынып жатыр. Ертең, құрылыс жұмыстары аяқ-талып, пайдалануға берілгенінде Шу өзенінің суына қарық боласыздар!» де-генді қайталаумен болды. Дегенмен, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков пен Созақ ауданы-ның әкімі Мұхит Тұрысбековтер бас-таған біздің тобымыз, сол, Мойынқұмға келгенге дейінгі жоспарымызды жүзеге асыру жұмыстарын да ақсатпадық. Өйткені, «Радай» су арнасына қойылған заңсыз бөгетке қатысты министрліктің де, комитет пен инспекцияның да Мой-ынқұм ауданының да позициясы әу ба-стан белгілі еді. Сол себепті де, біздің тарап облыс әкімдігінің қолдауымен ке-лесі жылға «Фурманов» (ФОК) айналма каналына механикалық тазалық жұмыс-тарын жүргізіп, алдағы жылдарға канал-ды толықтай күрделі жөндеуден, яғни, екі жақтауы менен табанын бетондау үшін сметалық жоба жасауға бекінді. Осы арада, кешкісін Алматыдан Аста-наға ұшуы тиіс министр Нұржан Молди-ярұлы да Созақ ауданына екі айдан соң келетін боп, уәде беріп, кері қайтты. Алайда, Тұрашбеков пен Тұрысбековке «Фурманов» айналма каналы тазалау-дан өткен соң Шу өзенінің суын салды-руға және жасалатын сметалық жобаға да қолдау білдіріп, қаржысын қарасты-руға көмектесуге уәде берді. Мінеки, осы сапарда байласқан сөз, берілген уәде мақаланың кіріспесінде айтқаным-дай үстіміздегі жылдың маусым айының 25 нен жүзеге асып жатыр. Әрине, бұл тазалау жұмыстары уақытша, асар түрінде қолға алынып отырған алғашқы шара ғана. Әйтпесе, ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов уәде берген, «Фурманов» ай-налма каналын қалпына келтіру жұмыс-тары мүлдем басқаша. Оған арнайы жоба жасалып, үкіметтен қаржы бөлініп, бәрі де сол жоба аясында жүруі тиіс еді. Ал енді, мына қазіргі таңда жүріп жатқан механикалық тазалауға да мұрындық болып отырған сол су ми-нистрлігі, Түркістан мен Жамбыл облы-старының, Мойынқұм және Созақ ауданының әкімдіктері, «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК-ның Түркістан және Жамбыл облы-старындағы филиалдарының басшыла-ры. Нақтырақ айту үшін күні кеше ғана Мойынқұм ауданындағы «Фурманов» айналма каналына жасалынып жатқан механикалық тазалау жұмыстарының

маңынан өтті және «Қарабөгет» ауылы-ның маңынан салынып жатқан көпір то-лықтай, мерзімінен бұрын салынып бітті. Қалған көпірлердің құрылысы да аяқталуға жақын. Осы ретте, мақалама пайдаланатын ақпараттарым толыққан-ды болсын деген ниетпен: «Су ресур-старын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы» РММ басшысы Талғат Ибраевпен де телефон арқылы сөйлес-кен едім. Тәкеңнің айтуынша: Су ми-нистрлігі, Түркістан және Жамбыл облы-старының, Мойынқұм және Созақ аудандарының әкімдіктері, «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК-ның Түркістан және Жамбыл облыстарындағы филиалдарының бас-шылары «ФАК» тың жұмысын аяқтауды желтоқсан айына жоспарлаған көрінеді. Бұйыртса, сол уақытқа үлгеріп, «Тасөт-кел» су қоймасына жиналған судың Со-зақ ауданына тиесілі бөлігінің 40 кубын нақ осы «ФАК» қа салуды жоспарлап отырған көрінеді. Айта кетейін, бұл ай-налма каналдың негізгі сыйымдылығы сеундына 50 текше метр суды өткізуге арналған екен. Алайда, каналдың бүгінгі техникалық жағдайын ескеріп, 5 кубтан бастап, 40 текше метрге дейін көтермекші екен. Дегенмен, Талғат Ибраевтың айтуынша, «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК-ның Жамбыл облыстарындағы фи-лиалы айналма каналдың бітуін бағып отырмай, «Радай» су арнасы арқылы 40 текше метр суды Созақ ауданының бағытына, Гуляев алқабы арқылы жібе-ріп жатқан көрінеді. Ескерте кетейін, егер «Фурманов» айналма каналының механикалық тазалық жұмыстары бітіп, пайдалануға берілген жағдайда кезір жіберіліп жатқан 40 текше метр судың көлемін 20 текше метрге түсіру жоспар-ланып отырғанға ұқсайды.

Бүгінгі таңда «Тасөткел» су қоймасы-нан шығып, Шу және Мойынқұм аудан-дарын басып өтіп, «Қарабөгет» ауылы-на жеткенге ұқсайды. Бұйыртса, «Фур-манов» айналма каналының механика-лық тазалау жұмыстары желтоқсан ай-ына бітіп, пайдалануға беріліп жатса, кезең- кезеңімен босатып, 40 текше метр суды да жібермекші екен. Сол уақытта екі арнаның суы «Байтал» деп аталатын жерде тоғысатын көрінеді.

Айта кету керек, бастауын Қырғыз Алатауынан алатын Шу өзенінің суы-ның жылдамдығы секундына 63 текше метрді құрап отырғанға ұқсайды. Ендігі жерде «ФАК» тың тазалау жұмыстары-ның аяқталып, пайдалануға берілуін, яғни, Шу өзені суының 40 текше метрі-нің арнаға салынуын күту қалды. Бай-қап отырғандарыңыздай, ҚазСуШар» ШЖҚ РМК биылғы және келесі 2025-2026 жылдарға Созақ ауданына 60 тек-ше метр су жіберуді жоспарлап отыр екен. Бәлкім, «тасөткел су қоймасына 500 млн текше метрден артық жиналып жатса, бұл судың көлемін арттыруға мәжбүр болулары да бек ықтимал. Олай дейтінім, тасөткелге одан артық су жинап, ұстап тұру Шу және Мойын-құм ауданы үшін қауіпті. Ендеше, жел-тоқасан айы кіріп, ауданымызға шудың суы келгенінше еліміз аман, жұртымыз тыншы болсын!

Данияр БЕК.

Әлеуметтік желінің адамдардың мінез құлқына әсері

Қазіргі қоғам-жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және ХХІ ғасырдың бұл ағымы-қоғам дамуының жаңа дәрежесіне жеткізді. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату, жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндігі және тағы басқа іс-әрекеттер шынайы әлемге қарағанда виртуалды әлемде жүзеге асатын болды. Интернет жастардың ең сенімді құралдардың біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы әңгімелеседі.

Әлеуметтік желілердің адамдардың мінез-құлқына әсері туралы тереңірек түсіну үшін, бірнеше аспектілерді қарастыруға болады:

1. «Психологиялық әсер»:

«Кәсіби және жеке өмір»: Әлеуметтік желілер адамдардың кәсіби имиджіне әсер етуі мүмкін. Көптеген адамдар жұмыс берушілердің кандидаттар туралы ақпаратты әлеуметтік желілерден іздейтінін біледі.

«Салыстыру эффектісі»: Адамдар өз өмірлерін басқалармен салыстыру арқылы стрессті, маза-сыздықты немесе төмен өзін-өзі бағалауды сезінуі мүмкін. Бұл әсіресе жастар арасында кең таралған.

2. «Әлеуметтік қатынастар»:

«Достық және қауымдастық»: Әлеуметтік желілер адамдардың жаңа достар табуына және әлеуметтік байланыстарын нығайтуға көмектеседі. Алайда, кейде шынайы қатынастардың орнына виртуалды байланыстар басым болуы мүмкін.

«Эмпатия мен қолдау»: Адамдар әлеуметтік желілерде бір-біріне эмоционалдық қолдау көрсете алады, мысалы, қиындықтармен бөлісіп, бір-біріне көмек көрсету арқылы.

3. «Контент және әсер етушілер»:

«Сарапшылар мен әсер етушілер»: Әлеуметтік желілерде танымал тұлғалардың пікірлері мен ұсыныстары көпшіліктің мінез-құлқына әсер етеді. Олар трендтерді қалыптастырып, өнімдерді немесе қызметтерді насихаттай алады.

«Визуалды контент»: Визуалды ақпарат (суреттер, видеолар) адамдарға терең әсер етуі мүмкін, әрі оларды эмоционалды түрде тартады. Бұл маркетингте кеңінен қолданылады.

4. «Технологиялық факторлар»:

«Алгоритмдер»: Әлеуметтік желілердің алгоритмдері пайдаланушылардың қызығушылықтарына негізделген контентті көрсету арқылы олардың назарын аударады. Бұл, кейде, адамдарды біржақты ақпаратқа бағыттауы мүмкін.

«Нақты уақыттағы реакциялар»: Пайдаланушылардың посттарына лезде жауап беретін жүйе, яғни «лайк» немесе пікір қалдыру, адамдардың эмоцияларына әсер етеді, оларды тез шешім қабылдауға итермелейді.

5. «Денсаулық мәселелері»:

«Кибербуллинг»: Әлеуметтік желілерде кибербуллингке ұшырау психикалық денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Бұл жағдайды шешу үшін мектептер мен қоғамдастықтар арасында ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік желілердің әсері әр адамға әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан олардың ықпалы туралы терең ойлану маңызды. Осылайша, әлеуметтік желілердің адамдардың мінез-құлқына әсері күрделі және көпқырлы. Олар адамдардың өміріне оң өзгерістер әкелуі мүмкін, бірақ сонымен қатар теріс әсерлері де бар.

Адам әлеуметтік желіде алған эмоциясын қайтадан алу үшін желіге оралады. Демек, адам әлеуметтік желіде қаншалықты мақұлданса, соғұрлым көп уақытын сонда өткізеді. Сонымен қатар әлеуметтік желіде жарияланған ақпаратты адамның қабылдау ерекшеліктерімен де байланысты. Адамның денсаулығы мен психикасына ісер етеді. Яғни әлеуметтік желіден басқа адамдардың жасанды өмірін көріп, неге менің өмірім мұндай емес деп ойлайды. Өздерін іштей жеп, одан күйзеліске (депрессия) ұшырап, денсаулығына кері әсер етеді.

Сол себептен шынайы өмір тіпті ең қымбат телефонның экранынан әлдеқайда қызыққа толы екенін ұмытпау керек. Интернетсіз және әлеуметтік желілерсіз өмір өте жағымды әрі пайдалы. Уақыттың көп бөлігін кітап оқып, тренингтерге немесе курстарға жазылыңыз, шет тілдерін үйреніңіз, спортзалға барып, сауда жасап немесе достарыңызбен табиғатқа жиі бару артық болмайды. Сіз әлеуметтік желісіз өмір әлдеқайда түрлі-түсті және қызыққа толы екенін түсінесіз.

Б.АБДРАХМАН,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Адамзат тарихында еркіндік әрдайым негізгі құндылықтардың бірі болып келген. Ол – тұлғаның өз өміріне, ойына, сөзіне және іс-әрекетіне ерік бере алуы. Дегенмен, кез келген еркіндік жауапкершілікпен шектелмесе, ол хаосқа, заңсыздыққа және басқа адамдардың еркіндігін шектеуге алып келуі мүмкін. Осы тұрғыда еркіндік пен жауапкершілік мәселесі – бүгінгі қоғам үшін өзекті әрі күрделі тақырыптардың бірі.

Еркіндік – адамның өзінің ішкі наным-сенімі мен құндылықтарына сай әрекет ету мүмкіндігі. Бұл жеке тұлғаның дамуына,

лауға, сөйлеуге, әрекет етуге қабілетті. Алайда, абсолютті еркіндік деген ұғым қоғамда мүмкін емес. Әр адамның еркіндігі екінші адамның еркіндігі басталатын жерде шектеледі.

Жеке тұлғаның еркіндігі заңмен және қоғамдық моральдық нормалармен шектеледі. Мысалы, адам өз ойын еркін білдіре алады, бірақ ол басқа адамның ар-намысына тіл тигізуге дейін бармауы керек. Демек, еркіндік әрдайым белгілі бір шеңберде жүзеге асады. Еркіндікке ие бола отырып, адам өз әрекеттерінің салда-

Еркіндік пен жауапкершілік мәселесі

рын түсініп, олар үшін жауап беруі тиіс.

Жауапкершілік – адамның өз әрекеттерінің салдарын түсініп, оны мойнына алуы. Яғни еркін адам тек қана өзіне емес, айналасындағы адамдарға, қоғамға, тіпті табиғатқа да жауапты. Мысалы, сөз еркіндігі бар адам өз пікірін ашық айтуға құқылы, бірақ оның сөзі басқа адамның намысына тиіп, қоғамда алауыздық тудыратын болса – бұл жауапсыздық. Нағыз еркіндік тек жауапкершілікпен ғана толыққанды бола алады. Егер адам өз бостандығын пайдаланып, қоғамға зиян келтірсе, бұл еркіндік емес, өзімшілдік болады.

Сондықтан әр азамат өз құқығы мен бостандығын пайдалана отырып, қоғам алдындағы міндетін де ұмытпауы тиіс. Қоғамдық тәртіп пен үйлесімділік осы тепе-теңдік арқылы қамтамасыз етіледі. Еркіндік – адам болмысының өзегі. Ол адамды жануарлардан ажырататын басты ерекшеліктердің бірі. Әр адам дүниеге келген сәттен бастап, саналы болмыс ретінде еркін ой-

рын түсініп, олар үшін жауап беруі тиіс. Жауапкершілік – адамгершіліктің, азаматтықтың және парасаттылықтың белгісі. Мысалы, жасөспірім оқуын еркін таңдауға құқылы, бірақ таңдауының нәтижесі үшін – болашақтағы кәсібі мен өмір салтына жауапты болады.

Жауапкершіліксіз еркіндік – анархияға, өзімшілдікке, тіпті қоғамға зиян келтіруге әкелуі мүмкін. Сол себепті де еркіндік пен жауапкершілік тепе-тең болуы керек. Адам қандай да бір шешім қабылдағанда, оның өзіне ғана емес, айналасына, қоғамға әсерін де ескеруі қажет. Қазіргі қоғамда азаматтық қоғамның дамуы үшін адамдардың еркіндігі мен жауапкершілігі бірдей маңызды. Демократиялық мемлекеттерде адамның құқықтары мен бостандықтары қорғалады, бірақ бұл құқықтарды дұрыс қолдана білу де азаматтың жауапкершілігінде. Мысалы, сөз бостандығы бар елде адам өз пікірін білдіре алады, бірақ ол жалған ақпарат тарату немесе арандатушылық жасау үшін пайдаланылмауы тиіс.

Медиада, әлеуметтік желілер-

де еркіндік кең ауқымда көрініс табады. Бірақ сол еркіндікті пайдалану барысында адамдар жауапсыздық танытса, ол қоғамда келеңсіз жағдайларға әкеп соқтырады. Сондықтан цифрлық мәдениет пен медиа сауаттылық та қазіргі заманғы жауапкершіліктің бір түріне айналды.

Қорыта айтқанда еркіндік – адамның ең қымбат байлығы, ал жауапкершілік – сол байлықты дұрыс пайдалану шарты. Бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырып, адамды кемелдікке жетелейді. Шынайы еркін адам – өз шешімдері үшін жауап бере

алатын адам. Сондықтан әрбір адам қоғамда еркін өмір сүре отырып, өз іс-әрекетінің салдарына дайын болуы керек. Еркіндік пен жауапкершілік үйлескен жерде ғана өркениетті, әділетті, тұрақты қоғам қалыптасады. Еркіндік – адамға берілген ең үлкен құндылық. Бірақ бұл құндылықтың шынайы мәні тек жауапкершілікпен бірге іске асады. Жауапкершілігі жоқ еркіндік – өзге адамдардың құқықтарын бұзады, ал жауапкершілікке негізделген еркіндік – өркениетті қоғамның негізі. Сондықтан әр адам еркіндікке ұмтылған сайын, өз іс-әрекетіне де жауап беруге дайын болуы қажет. Еркіндік адамның таңдау жасау қабілеті, ой-пікірі мен әрекеттерінде өз бетінше болу мүмкіндігі болса, жауапкершілік – сол еркін таңдау үшін жауап беру міндеті. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, бірінсіз бірі толық мәнге ие болмайды.

Ғ.ӨГЕМБАЙ,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Дәстүрлі дін-ұлттық бірліктің негізі

Қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық тұтастықтың берік тіректерінің бірі – дәстүрлі дін. Қазақстандағы діни ахуалдың ерекшелігі – сан ғасырдан бері қалыптасқан рухани құндылықтарымыздың Ислам дінімен аста-сып, халқымыздың өмір сүру салтына айналуында. Бұл ұстаным бүгінгі күні де мемлекеттің зайырлы дамуымен үндесе отырып, қоғамның бірлігіне негіз болуда.

Дәстүрлі дін – діни сенім мен ұлттық менталитеттің сабақтас тұсы. Қазақ халқы Ислам дінін ерікті түрде қабылдап, оны өз салт-дәстүрімен үйлестіре білген. Бұл ерекшелік ұлттың болмысын сақтауға, адамгершілік қағидаттарға сүйенген тәрбие мен руханиятты дамытуға зор үлес қосты. Бүгінгі таңда діни сенім – тек жеке адамның еркі емес, сонымен қатар қоғамдық келісім мен ұлттық келісімді қалыптастыратын маңызды құрал.

Қазақстан – көпұлтты, көпконфессиялы ел. Осы тұрғыдан алғанда, қоғамдағы әртүрлі дін өкілдерімен өзара түсіністік пен сыйластықта өмір сүру – ұлттық тұтастықты бекемдеудің алғы шарты.

Мемлекет тарапынан дәстүрлі дінге қолдау көрсету, дін саласындағы заңнамаларды жетіл-

діру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу – діни сауаттылықты арттырып, ел бірлігін сақтауға бағытталған нақты қадамдар. Осыған орай, діни ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өзара ықпалдас-тығы қоғамда рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Қазақстан халқының тарихи-мәдени тамыры мен рухани болмысы ғасырлар бойы ислам дінімен үндесе дамып келеді. Осы тұрғыда дәстүрлі дін – ел ішіндегі татулық пен бірлікті сақтаудың басты негіздерінің бірі. Қазіргі заманда рухани тұрақтылықтың сақталуы үшін халықтың діни сауаттылығы жоғары деңгейде болуы шарт. Дәстүрлі дініміз – адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін, адамгершілік пен әділдікті негіз еткен сенім жүйесі. Ол отан-сүйгіштік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-ананы қадірлеу, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді өмір салтына айналдыруды көздейді.

Мемлекетіміздің зайырлы сипаты дін мен мемлекеттің әр салада өзара тәуелсіздігін қамтамасыз еткенімен, рухани бағыттағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін мемлекет пен діни бірлестіктер арасында сындарлы диалог орнаған. Бұл

ынтымақтастық – әлеуметтік келісім мен ұлтаралық татулықты сақтауға мүмкіндік береді.

Жастардың діни сенім мәселесінде дәстүрлі бағытты ұстануы – болашақтағы ұлттық бірлік пен тұрақты дамудың кепілі. Осыған байланысты мектептер мен жоғары оқу орындарында зайырлы біліммен қатар, рухани-адамгершілік тәрбие беру – маңызды мәселе.

Дәстүрлі дін – халқымыздың тарихи, мәдени және рухани өзегіне айналған маңызды құндылық. Ол – ұлттық бірлікті нығайтып, қоғамда келісім мен татулықты орнықтыруға негіз болатын сенімді тірек. Сондықтан, дін мен дәстүр сабақтастығын сақтау – әр азаматтың ортақ парызы.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі діни құндылықтар қоғамда үйлесімділік пен тұрақтылықты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ұлттық руханияттың өзегі – дін мен дәстүрдің үндестігі, бұл – қазақ елінің бейбіт болашағы мен біртұтас мемлекет ретінде қалыптасуының негізі.

Ұ.ТҰРСЫН,

Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің маманы.

Рационалды ойлау-сенімге кедергі емес

Көпшіліктің санасында бір теріс түсінік қалыптасқан: «Дін—жүреппен сенуді, ал ғылым—ақылмен ойлауды талап етеді. Ал екеуінің жолы екі бөлек» деген қате пайым бар. Мұндай ұғым рационалды ойлау мен діни сенімді бір-біріне қарсы қоюдан туындайды. Алайда бұл түсінік шындыққа сай емес. Керісінше, тарих пен бүгінгі ақиқатқа қарасақ, рационалды ойлау-сенімге кедергі емес, қайта оны бекемдейтін құрал екеніне көз жеткіземіз.

Рационалды ойлау—бұл адамның дәлелге, логикаға, қисынға сүйеніп, ой түйіндеуі. Мұндай ойлау адамды эмоция мен алдамшы әсерден арашалап, шынайы ақиқатқа жетелейді. Бұл—сындарлы ойлау, дәлелмен сөйлей білу, ақпаратты талдап, дұрыс шешім шығара алу қабілеті. Рационалды ойлау—жай ғана күмәндану емес, негізделген және әділ талдау жасау. Демек, ақылды пайдалану—Жаратушы сыйлаған ең үлкен нығметтің бірі.

Имам Фазали мен Ибн Рушд секілді ірі ғалымдар діни сенім мен рационалды ойлауды қатар қолданды. Олар философия мен логиканы терең зерттеп, оны діни түсінікті нығайту үшін пайдаланды. Мәселен, Ибн Сина (Авиценна) мен Әл-Фараби—бір мезгілде мұсылман, философ әрі ғалым бола білді. Олардың ойынша, ақыл мен сенім—бір-бірін то-

лықтыратын күштер.

Діни сенім—бұл көзсіз еру емес, шынайы таным мен түсініктен туындайтын жүрек иланымы. Құранның өзі адамды «тафаккур» (ойлану), «тағзия» (салыстыру), «тадаббур» (терең ойлау) сияқты ақыл-ой әрекеттеріне шақырады. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) Мекке халқын соқыр дәстүр мен пұтқа табынушылықтан, ақылға сүйеніп, бір Жаратушыға сенуге үндеді.

Ислам діни ешқашан ақылға қарсы болмаған. Құранда ақылға жүгінуге шақыратын ондаған аяттар бар. «Ойланбайсыңдар ма?», «Ақылға салмайсыңдар ма?», «Фибрат алмайсыңдар ма?» деген сауалдар—мұсылманды ойлануға, талдауға, ізденуге итермелейді.

Кейбіреулер: «Егер ақылға сүйенсек, Алланың бар екеніне дәлел сұраймыз. Бұл—күмән» деп ойлайды. Бұл түсінік дұрыс емес. Себебі ақыл—Алланы танудың құралдарының бірі. Имам Матуриди мен Әбу Ханифа ақылды діни сенімнің бастауы деп санаған. Олардың пікірінше, «Алла бар» деген сенім—ақылмен де, жүреппен де бекітілуі керек. Ақыл дәлел іздейді, ал жүрек соған иланады. Бұл екеуі қатар жүрсе ғана шынайы иман қалыптасады.

Бүгінгі ақпарат тасқыны заманында адамдар түрлі жалған сенімдерге, деструктивті ағымдарға, манипу-

ляция мен алдау схемаларына жиі алданып жатады. Неге? Себебі рационалды ойлау дағдысы жетіспейді.

Рационалды ойлау адамды сын көзбен қарауға, дереккөзді тексеруге, шындықты іздеуге үйретеді. Бұл дінге де, ғылымға да, күнделікті өмірге де қажет.

Мысалы, бір адам «бала ауру болса, дәрі емес, дұға ғана керек» десе—бұл сенім емес, жауапсыздық. Себебі Алла бізге себептерді (дәрі-дәрмек, медицина) қолдануды бұйырған. Демек, дұға да, дәрі де—қатар жүруі керек. Ақыл—осыны түсінуге көмектеседі.

Орта ғасырларда діни фанатизмге қарсы рационалдық ойлаудың таралуы үлкен рөл атқарды. Университеттерде логика мен философия оқытылып, «кез келген діни тұжырым дәлелге сүйенуі керек» деген принциптер орнықты. Мысалы, Әл-Азхар университеті ислам тарихындағы тек діни ғана емес, философиялық пәндерге де орын берді. Бұл дәстүр экстремизмнің алдын алу үшін маңызды болды.

Дін мен ақылды бір-біріне қарсы қою—шектен шыққан фанатизм мен сауатсыздықтың белгісі. Шынайы мұсылман—ойлайтын, ізденетін, сұрақ қоятын, жауап табатын жан. Иман—зерттеуден, көру мен танудан басталады. Сенім—тек жүрек қана

емес, ақылдың да шешімі.

Рационалды ойлау адамды ғылымға, әділетке, ақиқатқа, жан-жақты пайымға бастайды. Мұндай адам ешқашан дінді үстірт қабылдамайды, дінді теріс мақсатта қолданатындарға алданып қалмайды.

Рационалды ойлау—сенімге бөгет емес, қайта оны нығайтатын құрал. Дін ақылға қарсы емес, қайта оны қолдайды. Мұсылман адам—сенетін, ойлайтын және әрекет ететін жан. Ақыл—Алланы тануға, дүниені түсінуге, адамды алдамай әділ өмір сүруге көмектесетін ең үлкен нығмет. Сондықтан да қазіргі қоғамда діни сеніммен қатар рационалды ойлауды дамыту—заман талабы.

Бүкіл адамзат тарихы—ақыл мен сенімнің бір-біріне қайшы емес, қайта қатар өмір сүріп келгенін көрсетеді. Сенім—адамға мақсат пен мағына берсе, ақыл—сол жолда адаспауға көмектесетін шамшырақ.

Ақылды қолдану—иманның көрінісі. Ақыл мен сенім бірге болғанда ғана адам өмірі мағыналы, саналы әрі тұғырлы болады.

Г.БЕКЖАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Ырым-тыйымдарды халқымыздың ұлттық болмысынан бөле-жара қарауға болмайды. Қазақ халқымен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-тыйымдар тізбегі халықтың өмірінде, салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс береді. Ырым мен тыйым адамды тәрбиелеп, жат әдеттерден тыюға бағыттайды.

Бүгінгі қоғамда ырым-тыйымдарды ескіліктің қалдығы деп қабылдайтындар мен күнделікті тұрмыста ұстанатындар бар. Бірақ сол ырым-тыйымдар халқымыздың өмір жолында бізбен бірге өмір сүріп осы күнге жетті. Қазіргі күнімізде ырым-тыйымның түрі көп. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар дегендей ырым-тыйымның да қолдану аясы, өміршеңдігі және қазіргі күнде өзіндік өмір сүру жолын тоқтатқандары да бар. Ата-бабамыздың ырымға балап жасаған іс-әрекеті әруақты ерді ажалдан алып қалған ырымдары аз еместі. Оны қазақта Құдай жолына «Ақсарбас атау» дейді. Ертеде қауіп-қатер, пәле-жалаға ұшыраған, сондай-ақ, қатты ауру-сырқауға жолығып, жандары қысылған адамдар «я, құдай! я, аруақ! осы пәледен құтылсам жол-дарыңа ақсарбас!» деп ақсарбас атайтын салт болып пәле-жаладан аман қалған соң, ел-жұртты шақырып, атаған ақсарбасын» сойып нәзір берген.

Әдетте, ақсарбастың үш түрі болады. 1. Ақсарбас; 2. Көкқасқа; 3. Қызылқасқа. Егер «ақсарбас» деп атаса қой, «көкқасқа» десе жылқы, «қызылқасқа» десе—сиыр сойып құдайы сый беріліп, көптің ықылас-батасын алады. Одан сырт, алдарына ұлы мұрат, асқан арман қойып, сол мақсат-мұратына талпынған адамдарда: «осы мақсат мұра-

Ырым-тыйымдардың астары

тыма жетер болсам, аруақтарға ақсарбас атадым» деп ақсарбас немесе көкқасқа мен қызылқасқаның бірін сойып той жасайтын да дағды болған екен.

Жазушы І.Есенберлин «Көшпенділер» кітабында Абылай ханның шүріштіке қарсы аруақ шақырып «Абылайлап» ұран салып

ажал мен айдаудың қармағына ілінгенде халық болып құдайдан жалынып тілеп, көз жасымызды көлдей төгіп, оның жанын алып қалдық» деседі. Мұны жас немересіне Құнанбайдың өзі де айтқан...Жорықта қатты жараланып ажалмен арпалысып жатып ес жиганда күн жоғары көтеріліп, сәске болған кез-

тадым. Сол кезде жұрт «А, құдай! Ақсарбас, көк қасқа жолыңа айттық», деп шулап, күңіреніп жылап жіберді. Егер ел тілегі болмағанда мен өлген адам едім. Көп тілеуі көл болып, көптің тілеуін құдай қабыл қылып, аман қалдым.Құнанбай бұдан бұрын да, бала жігіт күнінде ажалға тап болып, одан және ел болып,

тіршіліктің көзі. Ал тіршіліксіз өмір болмайтыны белгілі. Сондықтан да бабаларымыз өрескел қылықтардан ұрпағын тыйып отырған.

Салтымызда жана түскен келінге отқа май құйғызады. Оттың алауымен алас-тайды. Өзге ұлттар үшін бұл тосындау көрінуі мүмкін, ал қазақ үшін үзілмей келе жатқан үрдіс. Бұл жай ғана үрдіс емес, тіршілікті сыйлаудың, отбасын, шаңырақты сыйлаудың тамаша үлгісі. Бұрынғы кездері қазақ отбасыларында майшам болатын. Ұйқыға кетер кезде майшамның отын үрлеп өшірмейтін. Білігін басып, сөндіретін. Бұл да әдептілік. Әрі отты өшіру жақсы ырым емес. Өз отынды өзің өшіргенмен бірдей бола-сың. Отың өшпесін, шырағың сөнбесін деген тәмсілдерді халқымыз бекер айтпаған. Көк шөпті жұлма, талдың бұтағын сындырма, малды теппе, балағаттама, мал сүйегін отқа жақпа, ақты (айран, сүт, қымыз, қымыран) төкпе, ақ төгілген жерді басып деп үнемі айтудан жалықпады. Көкті жұлма дегені табиғатты қорлатпағаны. Табиғат біздің анамыз. Біздің өмір сүруімізге, тіршілік жасауымызға септігін тигізіп отыр. Мал қазақ халқының тағдыры, ырыс-несібісі. Малсыз қазақтың күні жоқ. Мал деген жесен ет, кисен киім, мінсең көлік, ішсең сусын. Сондықтан да бабаларымыз малды қорлатпаған.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.



шапқанда Бұқар жыраудың жерге отыра қалып Жаратқанға жалбарынып «Ақсарбас» атағаны белгілі. Кезінде елі «Ақсарбас» айтып Құнанбай қажыны 2 рет өлімнен аман алып қалған екен. Ахат Шәкәрімұлы оқиғаны былай жеткізіпті: «...Құнанбай ел тілегіне туды. Ол елі үшін еңбек ететін болады. Соның үшін жұрт болып тілеп, оны екі ажалдан, екі айдаудан алып қалдық. Құнанбай

де көзімді ашсам, - дейді Құнанбай немересі Шәкәрімге, қаным кеуіп барарды екен, бір аяқ айран шалапты дем алмай бір-ақ жұтып аз дем алып айналама қарасам, төңірегім толған адам. Бәрінің көздерінде жас, қариялар кіселерін мойындарына салған, Алладан тілек тілеп менің жанымды қалдыруын сұрап тұр екен. Мен аздан соң екінші аяқ сусынды тағы ішіп есімді жинай бас-

құдайдан тілеп алып қалады. Әрбір тыйымның астарында белгілі бір қауіптен сақтандыру шаралары және жаман әдеттен сақтандыру жатыр. Аталарымыз «отқа су құйма», «суға түкірме», «күлді баспа», «жолды шаңқытпа», «жол жиегіне дәрет сындырма» деп, басқа да әдепсіз әрекеттерден сақтандырып отырған. Бұл ибалылықтың, мәдениеттің бір көрінісі. От пен су

Өз еліңді әрбір ұсақ-түйегіне дейін ерекше де өте қымбат, сүйкімді сезінбесең—адамдық мінез де жоқ. Адам ең алдымен өз елінің перзенті. Сондықтан да, ең зор ізгі ерліктерді елге деген ерекше сүйіспеншілік туғызған. Осындай ел дегенде өміреніп, жұрт дегенде жүгініп, қызмет етіп, ел-жұрты мәңгі ұмытпайтындай есінде қалған қайраткер ер тұлғаның бірі де бірегейі—Сұлтанбек Қожанов.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист Сұлтанбек Қожанов 10 қыркүйек 1894 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Ақсұмбе ауылында шаруа, кедей қазақ отбасында дүниеге келген. Түркістандағы 4 сыныптық орыс-түзет бастауыш мектебін, 3 сыныптық қалалық мектепті, Ташкент мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Мәскеуде БК(б)ПОК Марксизм—Ленинизм курсын бітірген. Сұлтанбек Қожанов елдің саяси-әлеуметтік жұмысына 1915 жылдан бастап белсене кірісті. Сол жылдары Ташкент қаласында семинария оқушыларынан құралған «Кеңес» атты астыртын жастар ұйымын құрды. 1917 жылы көктемде Ташкентте Мұстафа Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаев, С.Ақтаевпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдаушылық танытып, оны Кеңес өкіметінің әскер күшімен құлату, жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқтасты етушілік деп бағалады.

Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. Аштықпен күресетін орталық комиссиясының мүшесі ретінде 1918 жылғы қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырды. 1919-20 жылдары Сырдария уезі төрағасының орынбасары, Түркістан уездік-қалалық атқару комитетінің, Сырдария облыстық революциялық кенттің төрағасы болды.

Ол 1920 жылдың қыркүйек айында қазақтар С.Аспандияров, О.Жандосов, Н.Төреқұлов, түркімен Қ.Атабаев, өзбектер С.Қасымқожаев, А.Бабажанов, Т.Оразбаев, тәжік А.Рахымбаевпен бірге Түркістан коммунистік партиясы Орталық комитетінің толық мүшелігіне енгізіліп, өлкедегі ықпалды партия және кеңес қызметкерлерінің қатарына қосылды. Бұдан кейінгі мерзім ішінде Түркістан коммунистік партиясы V—VIII съездерінің, Түркістан республикасы кеңестері X—XIII, XIV съездерінің делегаты болып сайланды. Түркістанда баспасөздің және ұлттық театрдың өркендеуіне елеулі үлес қосты. «Ақ жол» газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болды. Қожановтың тікелей ұсынысымен Кеңестердің V съезі қазақ халқы тарихи атауын (патшалық тұсынан бұрмаланып қалыптасқан) «киргиз» деген атты төл атауына—«қазаққа» түзетіп қайтарып, астана-лық қала атын Қызылорда деп өзгертті. Оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Петроград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан Түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды.

1925 жылы қарашада БК(б)П Орталық комитетіне шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 жылы Ташкентте Орта Азия Бюросына қызметке жіберілді. Мұнда ол үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, хатшы болды.

Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929 жылы Орта Азия мақта-иригациялық политехника институтын (САХИ-ПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1929—31 жылы Орта Азия мақта кентінің директоры қызметін атқарды.

1931-32 жылы БК(б)ОК аппаратында істеді. Қожанов негізгі міндеттерін қоғамдық, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен ұштастырып отырды. Мектепке арналған «Есептеу құралы» атты оқулығы (1924), «Түркістанның Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып шыққан. «Есеп тану құралы» атты оқулығы көпшілікке арналған қазақ мектебінің математикадан бірінші оқулығы болатын. Кітап өте түсінікті, қы-



қызметті қатар атқаруына мүмкіндік туғызды. Ол ұлтын шексіз сүйді. Сұлтекеңнің ең бір есте қалар қасиеті—білімге деген өте құштарлығы еді. Ол қысқа ғана ғұмырын үнемі тынымсыз ізденумен өткізді—деп тебірене жазады бір естелігінде зайыбы Күләм.

...Үлкен бір кеңес жиынында өте батыл сөйлеген С.Қожанов «Түркістанның маңдайына қанша кеңестік жазу жапсырғанмен, осы күнге дейін отар қалпында қалуды» дегеніне Сталин «ұлтшыл» деген баға берген. Соның салқыны кейінгі өміріне үнемі жиі-жиі ықпал ете бастағаны белгілі. Бір күні Сталиннің «Орта Азияның Шыңғыс ханы, сөйле»—деген мысқылына «Бұл жерде грузин князі де сөйлеп жатқан жоқ па?»—деп іле жауап беріпті.

Осы орайда, қайраткерді жақсы білетін Ж.Бектұров: —«С.Қожанов секілді алғыр да жігерлі, тек қана халықтың қамын ойлайтын, тілі өткір, шешен де беделді басшы қызметкерлерді доптай домалатып, бір орнында көп отырғызбайтын мықты бір күштің болғаны ақиқат»—деп жазуы, әрине, шындыққа саяды. Алайда, Абай айтқандай, адамға сай ыстық қайрат,

зықты жазылған. Арифметиканың негізгі тәсілдерінен басқа да қыр-сырларын аша түседі.

1923 жылы Мағжанның өлең кітабына алғысөз жазып жариялады. Фольклоршы Ә.Диваевқа ерекше қолдау көрсетті. Өзі де елдің мәдени-рухани шараларына атсалысып, «Ақ жол», «Еңбекші Қазақ» газеттерімен «Шолпан» журналына сан салалы мақалалар жазады. С.Қожанов көп замандастары секілді халыққа арналған сөзін өлеңмен де жеткізді. Оның шығармашылығында «Нені айтайын?», «Кім жауапкер?», «Көреміз!», «Шынға ұқсаған пікірлер», «Бұл кім?», «Тілмаштарға бір сын» т.б. өлеңдері бар.

С.Қожанұлының ақындық өнері жайында ерте кездегі ескі көздердің өзі бағалап, мойындап пікір айтқан. Осы орайда Сәбит Мұқанов «Есеп жылдары» атты автобиографиялық кітабында: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйіркелесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сонда ғана білдім. Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Замандас»—соның псевдонимі екен. Ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасөзін көп оқытын адам екен» деп ағынан жарылады. Сондай-ақ, сол заманның теперішін көп көрген белгілі ғалымның бірі Әуелбек Қоңыратбаев «Керуен» атты естеліктер кітабында: «Ол — өткір тілді, тапқыр кең тұлғалы кісі-тін. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін. Ашуы жоқ, мінезі дархан, сөздерін тастай етіп айтатын арыстан туған көменгер адам еді»,—деп Сұлтекеңнің шешен әрі суырыпсалма, өнерге жақын сөйлейтін талантын аса жоғары бағалайды.

Кезекті бір үлкен жиында тебірене сөйлеген Сұлтекеңнің ұсыныс-пікірлері В.И.Ленинге де өте ұнайды. Арқасынан қағып, «Жарайсың қызуқанды қырғызым»,—депті көсем ризашылығын білдіріп. Содан, Ленин елдің жағдайын сұрайды, екеуі халықты толық сауаттандыру, ағарту жолы туралы кеңінен әңгімелеседі. Сол уақыттағы Лениннің өзімен тікелей пікірлескен аз кісілердің бірі Қожанов болатын. Әңгіменің соңында көсем жас қайраткерге елді толық сауаттандыру, ағарту ісін басқарасың деп кеңес беріпті.

— «Сұлтекең үйге өте қуанышты келді. Көңілі бір нәрсеге жиі толмай жүруші еді. Сөйтсем, В.И.Ленинмен кездесуіндегі әңгіме барысында біраз мәселе шешілген екен. Осы кездесуден кейін оның осындай алғыр қабілеті, терең білімі, қайсар мінезі туралы елде көп аңыз-әңгімелер тараған. Өжет қайраткер осылайша алған бетінен қайтпай, халықтың шын жанашыры екенін көрсетіп, көптеген күрделі мәселелерді шешті. Шапшаңдығы, еңбекқорлығы бірнеше

нұрлы ақыл, жылы жүрек қасиеттері С.Қожановта болған.

Осы ретте қызы Зибаның естелігі бойынша, әкесі орта бойлы, мығым денелі кісі. Ұқыпты, қарапайым киінетін. Ауылдың балалары ол кісінің үнемі кител киіп жүретініне қызыға қарайтын. Әзілқой әке біздермен әңгіме арасында жиі қалжыңдасып отыратын. Үйде өте құнды кітаптар көп болатын. Інім Арыстан бес жасынан кітап оқи бастады. Үйімізге Асфендияров, Төреқұлов, Рүс-темов, Рысқұлов тағы да басқа елге танымал, қадірлі адамдар жиі келіп, еліміздің болашағы туралы сұхбаттасатын. Бүкіл саналы ғұмыры желдің өтінде, жардың шетінде өткен Сұлтанбек Қожанұлының маңдайына қиын да қилы тағдыр жазылыпты. Ол 1937 жылы 16 шілдеде қылышынан қан тамған сталиндік жазалаушы саясаттың, саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, Ташкентте тұтқындалды. Ең бірінші қамауға алынғандар да С.Қожанов пен Т.Рысқұлов болды.

Қожановтың қасіреті жаппай елді жайлаған қасіретпен түйісті. Аяулы азаматтың отбасы мен жақындарын кемсіту мен қорлау жарты ғасырдай уақытқа созылды. Екі айдан кейін Сұлтанбектің асыл жары Күләм Қожанова да жазықсыз тұтқындалды. Амаддың жоғынан күн ұзақ Карлагта мал бақты. Сол бір азапты жылдар туралы Күләм өз естелігінде: —«Он бір жыл Карлагта азапты күндер өтті. Оны еске түсірудің өзі өте қиын. Арамызда Т.Рысқұловтың, О.Жандосовтың, М.Жұмабаевтың әйелдері болды. Бәріміз де күйеулеріміздің адалдығына сендік. Сол бір қалтқысыз сенім қанша қиналып жүрсе де біздерді болашаққа жетеледі»—дейді. Сталиндік қатыгез дәуір құрбандарының бірі—түіе баққан, егін еккен, кедей шаруа, жасы тоқсандан асқан Сұлтанбектің әкесі Қожан ақсақалды да шарпыды. Дімкәс қартты сол кездегі «шаш ал десе бас алатын» жауыз жандайшаптар адам аяғы баспайтын айдалаға апарып тастаған жерінен, жерлестері ауылға жасырын қайта әкеліп, қарайласқан, қамқорлық жасаған. Сұлтанбектің басқа да жақын туыстары, ағайындары адам тәзгісіз қуғын-сүргінге ұшырады. Жұмыстарынан қуылды. Халық жауының жақын туысы ретінде шетқақпай қорлықты көп көрді.

Мемлекет және қоғам қайраткерінің замандасы Н.Оңдасынов айтқандай: — «Халық жауы» болған жоқ, қайта керісінше өз халқының жарқын болашағы үшін күресті, сол үшін шыбын жанын құрбандыққа қиды. Қазақ елінің тұтастығы, тәуелсіздігі жолында тер төккен тұлға еді. Қазақ халқы атынан сөйлеген, жұрттың жоғын жоқтаған арлы да алғыр азамат болатын».

Алайда, асыл да батыл, қажымас дара тұлғалардың бірі, есіл ер 1938 жылы 10 ақпанда 44 жасында оққа байланатын,

топырақ НКВД-ның Коммунарка полигонынан бұйырды. Сұлтанбек Қожанұлының соңында қайраткерлігімен бірге, қаламгерлігін де танытатын шығармашылық мол мұра қалды.

1957 жылы Қожанов толықтай ақталғаннан кейін, еліміздің тарихында аса ірі мемлекет қайраткерінің сіңірген еңбегі өзі дәл болжағандай, тәуелсіздік алғаннан кейін ғана саналы түрде мойындалып, тек қана 1994 жылы барлық еңбектері еленіп-ескеріліп, жарыққа шығарыла бастады. Осы кезеңде ақиық азамат Сұлтанбек Қожановтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына әзірлену мен өткізу туралы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 12 сәуір 1994 жылы №370 қаулысы шықты. Жарты ғасырдай кемсіту көрген отбасы мен жақындары дәл осы күні таза ауа жұтқандай болды.

Содан Республика сарайында Бес Арыс—І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Қожановтардың 100 жылдығына арналған ерекше кеш өтті. Бүкіл өмірлерін ұлтты, халықты сақтауға, сүйге бағыттаған, ұлтжандылық пен ақыл-ойдың ғажайып үлгісіне, өнегесіне айналған арыстардың есімдері еркін, азат елдің көгінде қатар атал-

ды. Осы ретте, Мұхтар Әуезов айтқандай: «Өз ұлңнды өзің бағалап, ардақтамасаң, сені өзге жұрт қалай құрметтеп, қалай қадірлемек?». Осыдан соң-ақ, Сұлтанбек Қожанұлының есімін ұлықтау мәселесі шындап қолға алынды. Филология ғылымының докторы А.Шәріпов Сұлтанбек Қожановтың әдеби публицистикалық мұрасын жан-жақты терең зерттеп, «Сұлтанбек Қожанов шығармалары» атты көлемді кітап жазса, оның алдында белгілі жазушы Ж.Әлмашевтің «Түрмеде сөнген шырақ» атты кітабы жарыққа шыққан болатын. Сондай-ақ, танымал кинорежиссер Еркін Рақышев өте тың архив материалдары негізінде түсірілген деректі фильмін көрермендер назарына ұсынды.

Осылайша, тәуелсіздік заманында Сұлтанбек Қожанұлының есімі мен еңбегі қайта жаңғырды. Осы орайда, біздің есебімізше, бүгінгі таңда елімізде ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұштастырылған, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің атында 23 көше, 7 мектеп, 1 мәдениет үйі, 1 мұражай бар екен.

Сөзіміз дәлелді болу үшін тарқатып айтар болсақ, Алматы, Түркістан, Қызылорда, Жетісай қалаларында Сұлтанбек Қожановқа орталық көше аттары беріліп, ескерткіштер тұрғызылған.

Сондай-ақ, тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі қарсаңында Созақ ауданының орталығы Шолаққорғанда Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінің 2 қабатты сәулетті ғимараты пайдалануға берілді. Музейде тарихи мұраларды сақтау үшін барлық жағдайлар жасалған. Әсіресе, музейге кіре берген сәттегі қарсы алдыңыздағы үлкен экспонат көрінісі назарыңызды бірден еріксіз өзіне аударады. Бұл—«Сұлтанбектің шүлен көжесі» деп аталатын өте әсерлі тарихи көрініс. Бұл жерге келген қариялар осы күнге дейін сол кезеңді естеріне түсіріп, көздеріне жас алады. Өйткені, ашаршылықта аштықтан қыруар адамдар құрбан болып кеткенде, осы көжені ішкен олар аман қалған. Тарих тағылымы дегеніміз де осы шығар-ау!..

Музейде дәулескер күйші Дина Нұрпейісова мен осы Созақтық шертпе күйдің шебері Төлеген Момбековтың өздері ұстаған қара домбыралары, және де ел тәуелсіздігінен, аудан тарихынан сыр шертетін құнды мұралар орналасқан.

...Иә, өз елінің бақыты үшін, өз өмірін қиюға дейін барған асыл да батыр ер Сұлтанбек Қожанұлының жаны мәңгі сұлулана түсіп, жұлдызы дәйім жарқырай түсері белгілі. Бұл-халық пікірі. Халық пікірі-қалтқысыз пікір екені даусыз...

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі.

Хабарландыру

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2025 жылдың 10 желтоқсан күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1.«Шоллаққорған-Су» МКК басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

2.Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

3.Қызмешек кенті әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

4.Қаратау ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

5.Қарақұр ауылдық округі әкімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

6.Басқа да мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 10 желтоқсан күні сағат 9:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем тейбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағидаты енгізілді.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Гүлмира ПАЙЗОВА,

Созақ аудандық Қазынашылық басқармасының бас маманы.

Лептоспироз қауіпті ауру

Лептоспироз—Leptospira бактериясы тудыратын жұқпалы ауру. Ол көбінесе жануарлардан адамға жұғады және бауырды, бүйректі, бұлшықеттерді зақымдайды.

Негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі,
- бас және бұлшықет ауруы,
- көздің қызаруы,
- сарғаю (бауыр зақымданғанда),
- кейде құсу және іштің ауыруы.

Жұғу жолдары:

Ауру кеміргіштердің зәрімен ластанған су мен топырақ арқылы жұғады. Адам көбінесе лас суда шомылғанда, жалаңаяқ жүргенде, немесе жануарлармен байланысқанда жұқтырады.

Алдын алу шаралары:

- таза суды пайдалану,
 - ашық су көздерінде шомылмау,
 - кеміргіштермен күресу,
 - малмен жұмыс істегенде қолғап пен етік кию,
 - жеке гигиенаны сақтау.
- Қорытынды:
Лептоспироз – жануарлардан жұғатын қауіпті ауру. Таза-лық пен қорғаныс ережелерін сақтау—ең тиімді алдын алу жолы.

Сальмонеллез жұқпалы

Сальмонеллез—Salmonella бактериясы қоздыратын жұқпалы ауру. Ол көбінесе тағам арқылы тарайды және асқазан-ішек жолдарын зақымдайды.

Негізгі белгілері:

- іштің ауыруы,
- іш өту,
- құсу,
- дене қызуының көтерілуі,
- әлсіздік және бас ауыруы.

Жұғу жолдары:

Сальмонеллез жиі шала піскен жұмыртқа, ет, сүт

өнімдері және лас қол арқылы жұғады.

Алдын алу шаралары:

- тағамды жақсылап қайнатып немесе пісіру,
 - шикі және дайын тағамды бөлек сақтау,
 - қолды және ас үй құралдарын таза ұстау,
 - сапасыз және мерзімі өткен өнімдерді қолданбау,
 - таза суды пайдалану.
- Қорытынды:
Сальмонеллез—асқазан-ішек жүйесін зақымдайтын қауіпті ауру, бірақ оны қарапайым гигиена ережелерін сақтау арқылы алдын алуға болады.

Х.Оспанов,

Созақ аудандық СЭБ басшысы.

Хабарландыру

«ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС 14.01.2026 ж. сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызмешек кенті, Сарыарқа көшесі б/н, мәдениет үйі мекенжайында «Жалпақ кен орнының геотехнологиялық полигонын 2026-2027-2028 жылдарға кеңейту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттар: 45қ52,20,С, 68қ57,40,Ш.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROym1xZDZtbXJnTkNRUT09.> Идентификатор: 616 540 8596. Құпиясөз: 123456.

Тапсырыс беруші: «ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС, БСН: 110240020102, Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, 033 квартал, 28 ғимарат, e-mail: info@dportalyk.kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН:040440005636, Мекен-жайы: Ақтөбе қ., Жамбыл к., 81, Тел. 87132908241.

Жергілікті атқарушы орган: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 87253363845, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kz>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ a.erkebai@ontustik.gov.kz электрондық поштасында қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жол ережелерін қатаң сақтаған абзал

Жол көлік оқиғасы-жол қозғалысы ережелері бұзылған немесе сақталмаған жағдайда қалыптасқан жеке адамдар денсаулығына зиян келтірген немесе материалдық тұрғыдан және жол жүру үрдісін бұзған оқиға.

Қазіргі таңда жол-көлік оқиғалары мен соның салдарынан болатын өлім мен жарақат фактілері азаймай отыр. Адамдардың көлік құралдарына деген сұранысының арту тенденциясымен қатар, оны пайдалану барысында қоғам өміріне қауіп тудыратын жағдайлардың да көбейгендігін байқауға болады. Жол қозғалыс оқиғасы өздігінен туындамайды. Ол қозғалыс ережелерінің қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан болады.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету-қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі. Өкінішке қарай, жол-көлік оқиғалары көбіне жүргізушілердің өз міндетіне немқұрайлы қарауынан туындайды. Жолда маневр жасау ережесін бұзу, қарсы бағытқа шығу, жаяу жүргіншілерге жол бермеу, жылдамдықты арттыру және ұялы телефон қолдану сынды жауапсыз әрекеттер жиі тіркеліп жатады. Осы тәртіпсіздіктердің жолын кесу мақсатында рейдтік және профилактикалық шаралар аудан көлемінде тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Жолдағы әрбір тәртіп бұзуда адам өміріне төнген қауіп. Сондықтан бүгінде тек айыппұлмен емес, заманауи бақылау құралдары арқылы да тәртіпті қадағалау қолға алынған.

Бүгінгі таңда жыл басынан бері аудан



көлемінде 44 жол көлік оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 76 адам дене жарақатын алса, 8 адам қайтыс болған. Қайтыс болғандардың 2-і мопедпен (қытай мотоциклы) соқтығысқаннан болған.

Қазіргі таңда жол көлік оқиғаларының жиілеуі қайғылы жағдайларға әкеліп соғуда. Сондықтан да, барлық автокөлік жүргізушілерін жолда мұқият болып, жылдамдықты асырмай, жол ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз.

Жолдағы әрбір сапардың мақсаты-аман-есен жету. Сондықтан барша азаматтарды жол ережесін сақтап, тәртіп пен жауапкершілікті күшейтуге шақырамыз. Өз өміріміз де, өзгенің өмірі де- аманат.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де

қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Х.Оспанов,

Созақ аудандық СЭБ басшысы.

"ЖЫЛНАМАҒА АЙНАЛҒАН ЖЫЛДАР!"

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Жаңа жылдан сәлем! ДОСТЫҚ ӘЗІЛ

Есенсарииевке

Бастық едің бір кезде,
Құмартушы ең бос сөзге.
Байланыс жасап халықпен,
Түстің биыл бір көзге.

Қосылғанда жарысқа,
Жеттің біраз табысқа.
Еңбек етсең өрінбей,
Табыс-деген алыспа.

Кәриев Дәулетбекке

Қоғамдық малды өсіріп,
Мақтанасың есіліп.
Озат шопан деуші едік,
Ішкілік іште төсіліп.

Насировке

Саудаң қайда Төрехан,
Мазан жоқ биыл табыстан.
Отгонға шықпай сатушы ең,
Түспей тұр ақша малышдан.

Айшинге

Келіп едің алыстан,
Колхозың жақсы табыстан.
Ие болып қызыл туға,
Озып шықтың жарыстан.

Отызмыңшы атанып,
Ішесің арақ шаттанып.
Тию саған салмаймыз,
Азырақ іш сақтанып.

ЖАҢА ЖЫЛҒА

Жаңа жыл, жаңа бақыт келген сайын,
Ашуға жыл есігін мен де дайын.
Тәрге шық, ұлы бақыт қазынасы,
Қуанышпен қол жайып, қарсы алайын.

Бейбіт туы ұстаған қолымдағы,
Коммунизм сәулесі алдымдағы.
Жарқырап жаңа жылым сәуле бердің,
Бүгін сен қырық жасқа тол-дыңдағы.

Әр күнім әр сағатым жаңа шат-тық,



Байлықтың минут сайын кілтін таптық.

Кемеңгер партияның бастауы-мен,
Зор бақыт, бейбіт өмір гүлін тақтық.

М.ТӘЖІБАЕВ.

Жаңа жылға-жаңа тарту

Шаттық пен күлімдеген жаңа жы-лым,
Қартайтып ескі жылды келдің бүгін.

Сендағы зор табысқа кенелесің,
Кремль сәуле шашқан төкті нұрын.

Елімнің асыл еңбек, мұнарасы,
Зор байлық, саған тарту тыңдағысы.
Бірігіп, миллион қол күш жұмсаса,
Әзгерер Мырзашөлдің тың дала-сы.

Игерсек Мырзашөлдің тың дала-сын,
Ен байлық, сол даладан сый ала-сын.
Жаңа жыл, жаңа табыс әкелгенде,
Жүрегім басылмастай қуанасың.

М.БЕКАЙДАР.

Жаңа жыл құрметіне

Шолаққорған орта мек-тебінің мұғалімдері мен оқушылары жаңа жылға жақсы даярлықпен келді. Тәлім-тәрбие жұмысын жақсартқан және оқуда үздік шыққан 12 кластың оқушыларына жаңа жыл атынан тарту берілгелі отыр.

Мектеп жанындағы кәсіпшілер одағының предсе-дателі Қ.Сүлейменовтің басқаруымен кластарда жаңа жылға даярлық жүргізілуде. Оқушыларға арналып 700 сомға елка сатып алынды. Ел-каға түрлі ойыншықтар және Ильич шамы ілініп қойылған.

Мектеп дирекциясымен мұғалімдер коллективі жаңа жыл құрметіне аудандық клуб-та тұрғындар үшін концерт көрсетуді ұйымдастырды.

Қ.ӘМІРЕЕВ;

Шолаққорған орта мек-тебінің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі.

«Социалистік шаруа»
№36. 5 май 1956 жыл.

Советтік баспасөз

коммунистік партияның идеялық құралы

Бүгін-советтік баспасөз күні. КПСС Орталық Комитетінің органы-«Прав-даның» бірінші нөмірі жарыққа шыққан күн-5 Май дәстүрлі мей-рамға айналды.Бұл күнді совет адамдары жыл сайын атап өтеді.

Баспасөзге біздің советтік елімізде ерекше орын беріліп, құрметке бөленген. Коммунистік партияның күнделікті қамқорлығының арқасын-да ол сан және сапа жағынан өсіп, беделі артыпкеледі. Қазіргі кезде көп ұлтты Советтер Одағында 54 тілде 7100 ден астам газет, саяси-шаруашылық, ғылым, мәдениет және басқа жұмыстардың саласын-да 1700 журнал шығарылады.

«Газет-деп жазды данышпан көсеміміз Владимир Ильич Ленин-коллективтік насихатшы, коллек-

тивтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы: «Мұның мәнісі Советтік баспасөз Коммунистік партияның-еңбекшілерді марксизмнің-лени-низмнің ұлы идеялары, рухында тәрбиелейтін, идеялық, мықты құрал.

Баспасөз елімізде социализм ор-нату күресінде үлкен роль атқарды. Бұдан былайда КПСС XX съезінің тарихи қараларын жүзеге асыру, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күреске белсене қатыса-ды.

КПСС XX съезінде қабылданған СССР Халық шаруашылығын онан әріеркөндетудіңалтыншы бесжыл-дықжоспар жөніндегіДирективаларда белгіленген шараларды орындау жо-лында қажырлылықпен күрес жүргізіп отырған еңбекшілерге идея-лық тәрбие беріп, олардың игілікті жаңа бастамалары мен өнегелі еңбектерін, социалистік жарыстың барысын үзбей жазып, оның жақсы нәтижелерін ортаға салып отырумен қатар баспасөз, оның төменгі буы-ны-қабырға газеттері керітартпа, біздің алға басуымызға кедергі жа-сағысы келген және бюрократ-маскүнемдерімен аяусыз күрес жүргізіп отыруға міндетті.

Совет қоғамының басшы және бағыт беруші күші, туысқан-Комму-нистік партияның да баспасөз қыз-меткерлерінің алдына қойып отыр-ған талаптары осы.

Советтік баспасөздің даңқы ар-тып, көркейе берсін!

Әр 100 Саулықтан 140

қозы

Биыл мен өзімнің қарауымдағы әр жүз саулықтан 125 қозы алып, аман өсіруге серт берген едім. қазір қой төлдетуде мұнан да жоғары табысқа жетіп, зор абыройға ие болып отыр-мын. Менің қарауымдағы саулық-тардың қазір көпшілігі төлдеп бол-ды. Олардың әр 100-інен 140-тан қозы алдым. Ал менімен социа-листік жарысқа түскен шопан Д.Төрезділов жолдас та 410 сау-лықтың әр 100-інен 140-тан қозы алып отыр.

С.ЕСЕНБЕКОВ,

Ильич ауданы, Ленин атын-дағы колхоздың шопаны.
(«Оңтүстік Қазақстаннан»).

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабтың 21-22 тармақшасына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурсты қайта жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ					
Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
65. 66.	Суармалы-егістік Егістік	77 10	Созақ Созақ	Егін шаруашылығы Егін шаруашылығы	10 10
Суармалы егістік 87га, Барлығы 87 га Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа не-месе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкур-сты қайта өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның ин-тернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң ба-стайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. 2025 жылдың 26 қараша күнгі №85 (9347) санды басылымында шығарылған 64 лотына толықтырулар.					
Аудан әкімдігінің жер қатынастар бөлімі.					

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға піір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым бетпен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпа-рат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басыл-ды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жа-
йы: 161000, Шолаққорған ау-
ылы, С.Қожанов көшесі 68,
байланыс телефондары 4-15-
30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев